Жулдызбаева Гулбану Якуповна
Сырлыбаева Бакытгуль Ербосовна
Алимбетова Алтынгуль Жумасовна
Кемпева Нургуль Алимхановна

# Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын дидактикалық ойындар әлемі




## Әдістемелік құрал

ӘОЖ 147.35 (01)
ББК 03
Ж 24

Алматы облысы Талдықорған қаласындағы «КӨШБАСШЫ» оқу-әдістемелік орталығы Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (Хаттама № 3 22.04.2020)

**Құрастырған:** Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылы №15"Балдәурен"бөбекжай-балабақшасы әдіскері – Г.Жулдызбаева, психологы – Б.Сырлыбаева, тәрбиешілер – А.Алимбетова, Н.Калиева

**Пікір білдіргендер:**
Филология ғылымдарының кандидаты А.Турысбекова
PhD доктор С.Садуакасова

ISBN 996-369-2665-16-06

**«Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын дидактикалық ойындар әлемі»** атты әдістемелік құрал ойын технологиясын ұтымды пайдалану арқылы балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, ұйымдастырып оқытуға арналған.

Жалпы, әдістемелік құрал балабақша қызметкерлеріне, балабақша тәрбиеленушілеріне арналған.

Г.Жулдызбаева, Б.Сырлыбаева, А.Алимбетова, Н.Калиева
**«Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын дидактикалық ойындар әлемі»**: әдістемелік құрал / Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылы №15"Балдәурен"бөбекжай-балабақшасы
– Талдықорған қаласы, «Nur-Alem 7» баспасы, 2020 жыл

© Г.Жулдызбаева, Б.Сырлыбаева, А.Алимбетова, Н.Калиева, 2020

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Кіріспе | 5 |
| 2 | Дидактикалық ойындардың жүйелілігі | 8 |
| 3 | Дидактикалық ойындардың атқаратын негізгі қызметтері | 14 |
| 4 | Дидактикалық ойындардың негізгі түрлері | 19 |
| 5 | Дидактикалық ойындардың құрылымдары | 22 |
| 6 | Дидактикалық ойындардың педагогикалық құндылықтары | 23 |
| 7 | Дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың әдістемесі | 25 |
| 8 | Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызығушылығын ояту | 28 |
| 9 | Ұрпақ тәрбиесіндегі дидактикалық ойындардың маңызы | 29 |
| 10 | Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл ойын тәрбиелеу үдерісінде дидактикалық ойындарды пайдаланудың әдіс тәсілдері | 34 |
| 11 | Қорытынды | 47 |
| 12 | ҚОСЫМША | 52 |
| 13 | Пайдаланылған әдебиеттер | 93 |

Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал

№09 (106) қыркүйек 2020 жыл

*1 бөлім*

# Қазақстан ұстазы



№09 (106), қыркүйек 2020 жыл

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ТІРКЕЛІП, №12807 - Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БАСПАСЫ
*«Білім әлемі»*

Бас редактор –
**Усипбаева П.М.**
Редактордың орынбасары -
**Байбосынова А.**
Әдістеме бөлімінің редакторы –
**Култаева Кульдана Нурбосынкызы**

**Редакция алқасы:**
**Текесбаева Анар**
педагогика ғылымының кандидаты, доценті
**Бидайбекова Айгул Құнанбекқызы**
БАҰО «Өрлеу» АҚ Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Иновациялық даму бөлімінің аға ғылыми қызметкері
**Кошекбаева Б.Г.**
Алматы қаласы №167 жалпы білім беретін мектептің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары

**Теруге:** 2020 жылдың 09.05 күні жіберілген
**Басуға:** 2020 жылдың 09.20 күні қол қойылды
**Таралымы:** 500 дана
**Басылым индексі:** 74573

**Редакцияның мекен - жайы:**
Түркебаев 42-85, қиылысы Төле би

**Байланыс телефондары:**
**Тел: +7 (727) 374-01-77**
**+7 (727) 265-86-91**
**Пошта e-mail:**
Bilim_alemi.kz@mail.ru
peryzat2011@mail.ru

# Қазақстан ұстазы

**№09 (106), қыркүйек 2020 жыл**

Ай сайын шығатын республикалық ғылыми – әдістемелік педагогикалық журнал.
Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

## Мазмұны

*Кемербаева Толқын Омаргалиевна*
Тақырыбы: «Менің отбасым»........4
*Жаменова Анар Рахатовна*
Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиялық картасы. Ертегілер еліне саяхат........7
*Турумова Анар Султановна*
Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі Тақырыбы: «Үй жануарлары»........11
*Исаева Акжанай*
Көліктер және оның түрлері........14
*Мусабаева Бакыт Сагандыковна*
Ойын технологиясы арқылы балалардың тілін дамыту........17
*Рахимжанова Алма Жанатовна*
Саусақ ойындар және жаттығулар........19
*Жетписбаева Мейрамгүл*
Балабақшада әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы тәрбиешілердің шеберлігін шыңдау........21
*Турумова Жанар Султановна*
Балабақшадағы тәрбиеленушілер бойында патриоттық тәрбие қалыптастыру жолдары........24
*Нурахметова Загипа Канапияновна*
Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру........27
*Каримова Данагуль Журсуновна*
Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалауды қолдану........31
*Қобландина Гүлмира Нұрғалиқызы*
Жалпыадамзаттық құндылықтар – тұлғаны рухани – адамгершілік тәрбиелеудің негізі........34
*Кутербекова Гаухар Талгатовна*
Жаңартылған бағдарлама – білім берудегі жаңа мазмұн........36
*Абуталипова Гульназира Хамитовна*
«НОВЫЕ ПОДХОДЫ К ПРЕПОДАВАНИЮ – УСПЕШНЫЙ ПУТЬ К ОБНОВЛЕНИЮ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ»........38

Барлық авторлар мақаласының электронды нұсқасын флешка не диск әкелуі не редакцияның электронды поштасына жіберуі тиіс. Бір беттік хабар, өлең болмаса мақала факспен қабылданбайды. Мақалалар авторлардың стилі, орфография хақы сақталып өңделеді. Автордың байлам тұжырымы редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Жарияланымдағы деректердің нақтылығына автор жауапты. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.

| | | |
|---|---|---|
| | Біз ақылды баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Бүгінгі келген қонаққа<br>Сау болыңыз деп айтамыз. | |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: Үй жануарлары туралы және олардың төлдерін ажырата біледі.
Игереді: Үй жануарларының пайдасы туралы
Меңгереді: Үй жануарларының піррлерін ажырата біледі

**Қызылорда облысы Ғани Мұратбаев ауылы**
**№15 Балдаурен бөбекжай балабақшасы**
**Балабақша тәрбиешісі**
**Исаева Акжанай**

# КӨЛІКТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Сөйлеуді дамыту.**
**Тақырыбы**: Көліктер және оның түрлері
**Мақсаты:**
**Білімділік**: Көліктерді ажырата білуге, не үшін керек екендігі туралы түсінік беру. Көлік туралы жұмбақтарды шешу арқылы балаларға көлік түрлерінің ерекшіліктерін тереңірек түсіндіру. Өзін-өзі қоршаған ортада мәдениетті ұстауға, әдепті, әдемі болуға үйрету.
**Дамытушылық:** Балалардың сөйлеу,ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын жетілдіру.
**Тәрбиелік:** Достық пен сыйластыққа тәрбиелеу.

| *Әрекет кезеңі* | *Тәрбиешінің іс-әрекеті* | *Балалардың іс-әрекеті.* |
|---|---|---|
| *Мотивациялық қозғаушы* | Тақтада тақырыпқа сай суреттер іліп қоямыз.<br>Шаттық шеңбер.<br>Қуаншаттан, қуаншаттан,<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң, қайырлы күн<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Сәлеметсызба, апайлар!<br>Сәлеметсызба, қонақтар! | Балалар тәрбиешімен бірге қимылдарын жасайды. |
| *Іздену-ұйымдастырушы* | Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күзмезгілініңқайайы?<br>Күз мезгілінің ерекшіліктерін атаңдаршы?<br>жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп жұмбақтар шешеміз. Сонымен көлік дегеніміз не?<br>-Оладамға не үшін керек?<br>-Ал, сендер балабақшаға немен келесіндер?<br>-Өте жақсы, енді мен көліктің шығу тарихымен таныстырайын. | Күз<br>Қазан<br>Салқын, жел, жаңбыр жауады, жапырақтар жерге түседі, құстар жылы жаққа ұшады. |
| | Ертеде адамдар бар ауыр жүкті өздері арқаларына салып баратын жерлеріне жаяу барған. Содан адамдар көлік ретінде ең алғаш үй жануарларын пайдаланған. Қазақ халқы ат, түйені көлік қылып мінсе, үндістер пілді, | Машина, такси<br>Міну үшін.<br>Машинамен |
| | ал кейбір шығыс халқы есек, бұқаларды көлік қылған екен. Содан кейін адамдар ең алғаш көлікті ойлап тапқан оған күйме-онымен адамдар баратын жерлеріне барған, ат арба онымен адамдар шөп, ауыр жүк тасыған. Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазір көліктердің түрлері өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы: суда жүзетін, жерде жүретін, әуеде ұшатын және жер асты көліктері. | |
| | **Жерде жүретін көліктерге:**<br>Жеңіл көлік, велосипед, пойыз,<br>автобус, троллейбус, жүк көлігі.<br>**Әуеде ұшатын көлік түрлеріне**:<br>Ұшақ, тік ұшақ, зымыран.<br>**Суда жүзетін көлік түрлеріне:**<br>Кеме, қайық жатады.<br>**Жер асты көліктеріне**: метро.<br>**Тосын сәт. (Дым білмес кіреді)**<br>Балалар, сәлеметсізбе!<br>**Дымбілмес**: Мен Сіздерден көмек сұрауға келдім. Сендер маған көмек бере аласызба? Менің достарым Маша қыз бен қонжық бал арасына кетіпеді бірақ әлі күнге дейін көптеген кедергілерден өте алмай жолда тұрған көрнеді?<br>**Тәрбиеші:** Балалар, көмек беремізбе?<br>Ендеше жолға шығайық. Балалар біз биік-биік тауға келіп тоқтадық бұл таудан қандай көлік түрімен өтеміз? | |
| | Қане жауабын қарайықшы өте дұрыс айтындар ұшақ, тікұшақ арқылы алыс жерлерге, көлік жүрмейтін жерлермен адамдарды, жүктерді әуемен тасымалдайды екен.<br>-Ал енді әрі қарай жолға шығайық алдымыздан үлкен әрі терең теңіз шықты. Ал бұл теңізден қандай көлік түрлерімен өтуге болады? | Иә |
| | -Өте дұрыс теңіз, мұхит, көл арқылы адамдар өздерінің баратын жерлеріне, апаратын ауыр жүктерін осы кеме, қайықтармен жеткізеді екен. Балықшылар қайықпен балық аулайды.<br>-Әрі қарай жол жүрейік Маша қыз бен қонжық үлкен үңгірге келіп бұлан қандай көліктүрімен өтетіндерін білмейтұр, ал сендер білесіндерме?<br>Ендеше теледидарға қарайық. Бұл жер асты метросы мұндай метролар Алматы қаласында үлкен қалаларда болады. бұл метро деп айтамыз. Қане бәріміз қайталайықшы МЕТРО.<br>-Қарандаршы, балалар, біз көптеген кедергілерден өтіп енді жазық далаға да келіп жеттік. Жазық далада қара жолдармен қандай көлік түрлерімен жүруге болады?<br>-Дұрыс айтасындар. Қане қарайықшы автобус, жүк көлігі, поезд, велосипед, троллейбус, жеңіл көлік түрлерімен жүруге болады екен. | Ұшақ, тік ұшақ.<br><br>Кеме, қайық |
| | Жарайсыңдар балалар, Маша қыз бен қонжық сендердің арқаларында үлкен-үлкен кедергілерден өтіп бал аралына келіп жетті сендерге үлкен рахмет айтып, сыйлықтарын ұсынып отыр.<br>-Ал, қазір, бойымызды сергітіп алайық қане мойнымызға мына вагондарды іліп алып қатар- қатар пойызды құрайық | жоқ<br><br>Метро<br><br>Жеңілкөлік, автобус, поезд |
| | **СЕРГІТУ ЖАТТЫҒУЫ.**<br>Қане кімнің бойы ұзын<br>Паровоз ол поездің<br>Қатар-қатар тұрайық<br>Пойызды біз құрайық<br>Ал паровоз баста алға | Балалар тәрбиешіге қосылып сергіту жаттығуын жасайды.<br>-Иә<br>-Ойнаймыз |

| | | |
|---|---|---|
| | Бәрімізді баскарда<br>Пш-пшпш-пш біз кеттік<br>Жүрісті біз үдеттік<br>Гу-гу гу-гугуілде<br>Қалып койма бірінде<br>Пш-пшпш-пш біз кеттік<br>Жүрісті біз үдеттік.<br>-Балалар ойын ұнадыма?<br>-Тағы ойнаймыз ба?<br>-Өте жаксы енді орнымызға жайғасамыз балалар көліктердің пайдалы да зиянды жактары бар. | |
| | **Пайдалы жағы**:<br>адамдар баратын жерлеріне осы көлікпен жетіп калады. Ауыр жүктерін осы көліктермен тиеп апарады. Ауырған жағдайда біз жедел жәрдем көлігін шакырамыз, өрт шыккан кезде өрт сендіру көлігін шакырамыз.<br>**Зиянды жағы**:<br>көліктерден шыккан түтін,улы газдар коршаған ортаның ауасын ластайды,<br>адамдардың ағзасына яғни ден саулығына кері әсерін тигізеді.<br>Кейбір жағдайларда жол апатына ұшырап адамдар каза табады, сондыктанда жолдан отkенде абай болып өткен жөн. Үлкен калаларға барғанда бағдаршамға карап өту керек.<br>**–Балалар жолаушылар жүретін көліктерде өзережелері бар**:<br>1. Автобус, пойыз, троллейбуска мінгенде міндетті түрде жол акысын төлеу керек.<br>2. Үлкен адамдарға орын беру керек.<br>3. Катты сөйлеуге, жүруге болмайды.<br>4. Отырған жерлеріңді таза ұстауларың керек.<br>Балалармен жұмбак жасырайын сендер сол жұмбактардың шешуін табыңдар. | |
| | 1-Төбесінде күндегі<br>Жалғанған желігі<br>Қабырғада күндегі<br>Нұр шашкан төрінде<br>2.-Әкемнің тор тайы<br>Май жалап су ішкен<br>Токтамай жортады.<br>3.-Құстан аумайды<br>Көкте зулайды.<br>4. Екі аякты жануар жаны жок баскан ізі бар?<br>Балалар, казір біз дидактикалык ойын ойнаймыз: «Қай көліктің дауысын естіп тұрсың?».<br>Сендер көліктің даусын мұкият тыңдап тауып айту керексіңдер.<br>(Балаларды мадактау)<br>Келесі дидактикалык ойынымыз :<br>«Бұл кай көлік?». (балалардың жеке жұмысы)<br>Алдарыңдағы көлік түрлері бейнеленген суретті аламыз. Мен сендерге суда жүзетін көлік дегенде сендер сол көлікті тауып белгілейсіңдер. | —троллейбус<br>—женіл көлік<br>-Ұшак<br>—Велосипед<br>Балалардың жұмысы |
| | Егерде дұрыс жауап берген жағдайда, ғаламтордан сол көліктің дауысы шығады, жаксы жауап берген балаға жұлдызша беремін<br>-Өте жаксы, балалар бүгінгі сабакта не туралы өтіңдер? | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дым білмес:** Балалар, рахмет, сіздерге, сендер менің достарыма көмек беріп бал аралығына жеткіздіңдер. Мына сыйлықты менен қабыл алыңдар. | |
| ***Рефлексивті коррекциялаушы:*** | Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізге өте жақсы қатыстыңдар. | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** көліктің шығу тарихын, пайдалы, зиянды жақтарын атқаратын қызметі туралы, жүретін ортасына қарай топтастыра, көлік ішіндегі ережелер туралы білулері керек.

**Болуы керек:** Көліктердің қолдануы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.

**Баланың қолынан келуі:** Сұраққа жауап беру, жұмбақ шешу қолдарынан келулері керек.

**Павлодар облысы Железин ауданы**
**Железин ЖОББ №1мектебі КММ «Балауса» шағын орталығы**
**Тәрбиеші**
**Мусабаева Бақыт Сагандыковна**

# ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

**«Ойын- баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл- ойдың қалыптасуы мүмкін емес».**
**В.А. Сухомлинский**

Ойын-дегеніміз не? Ойын дегеніміз- ұшқын білімге құмарлықпен еліктеудің маздап жанар оты.

Баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәнісі

ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән

салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай, баланың өмірінде

ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын балаларға ақыл-ой,адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойын кезінде анық байқалады, сонымен қатар

құрбыларымен тез тіл табысып, жақсы қарым - қатынас жасайды. Ойын – балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, өмірге ең қажет қасиеттерге тәрбиелейді,

ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік

қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде

тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше.

- Ойын кезінде- баланың бойында ұйымдастыру қасиеттері қалыптасады: ойлау, сөздік қор, сауаттылық, тапқырлық, шыдамдылық, өжеттілік , байсалдылық, әдептілік.

Ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын

арқылы қоғамдық тәжірбиені меңгереді,психологиялықерекшеліктеріқалыптасады.

Ниязбай Шұға Өмірғалиқызы
Исаева Акжанай Алмасовна
Кожабаева Турсынкуль Жубанышовна
Қоянбай Раушан Шаяхметқызы

# Заманауи балабақша мен отбасы ынтымақтастығы



## Әдістемелік құрал

Ниязбай Шұға Өміргаликызы
Исаева Акжанай Алмасовна
Кожабаева Турсынкуль Жубанышовна
Қоянбай Раушан Шаяхметкызы

# ЗАМАНАУИ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Әдістемелік құрал

ӘОЖ 564,1 (05)
ББК 24
Н 85,2

«Көшбасшы» оқу-әдістемелік орталығының ҒӘ Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (хаттама №5, 27.05.20 ж.)

**Құрастырған:** Қызылорда облысы Сырдария ауданы Тереңөзек кенті «Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімі аппаратының «Айгөлек» балабақшасы» КМҚК тәрбиеші Ш.Ө.Ниязбай, Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылы №15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешілері А.А.Исаева, Т.Ж.Кожабаева, Қазалы ауданы Абай ауылы №23 «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі Р.Ш.Қоянбай

**Пікір білдіргендер:**
1. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, ф.ғ.к., «Көшбасшы» ООО аға ғылыми қызметкері А.Турысбекова

2. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің PhD докторанты, «Innovation-Koldau» ҚҚ жетекшісі А.Молдабаева

ISBN 715-4795-152-62-21

Әдістемелік құралда мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық негіздері, заманауи мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі ұсынылған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің балаларға сапалы, жаңашыл тәрбие мен білім беру мақсатында құрастырылған.

Жалпы, әдістемелік құрал балабақша қызметкерлеріне, балабақша тәрбиеленушілеріне арналған.

Ш.Ө.Ниязбай, А.А.Исаева, Т.Ж.Кожабаева, Р.Ш.Қоянбай
**«Заманауи балабақша мен отбасы ынтымақтастығы»**: әдістемелік құрал / Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Қазалы ауданы «Айгөлек» балабақшасы», №15 «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы, №23 «Қарлығаш» балабақшасы
- Талдықорған қаласы, «Nur-Alem 7» баспасы, 2020 жыл

© Ш.Ө.Ниязбай, А.А.Исаева, Т.Ж.Кожабаева, Р.Ш.Қоянбай, 2020

## МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| I | Кіріспе | |
| **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** | | |
| II | Мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың қазіргі жайы | |
| III | Мектепке дейінгі мекеме мен отбасының бірлескен іс-әрекеті және оның балаларды дамытудағы маңызы | |
| **ЗАМАНАУИ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ** | | |
| IV | Заманауи мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері | |
| V | Заманауи мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың формалары мен әдістері | |
| VI | **ҚОРЫТЫНДЫ** | |
| VII | **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР** | |

Бержанова Р.К., Жаманқара Г.К., Өтепбергенова А.М.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

әдістемелік құрал



Қызылорда
2020 жыл

Бержанова Р.К., Жаманкара Г.К., Өтепбергенова А.М.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

*әдістемелік құрал*



Қызылорда, 2020 ж.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.26
М26

«Өрлеу» БАҰО» акционерлік қоғамының филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 2020 жылғы 12 мамырдағы Сараптау Кеңесінде (№3 хаттама) қаралып, баспаға ұсынылған.

**Пікір жазған:**
**Ташева Л.Ш.** – «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша оқу процесін педагогикалық-психологиялық қолдау кафедрасының аға оқытушысы.

**Құрастырғандар:**
**Бержанова Рсалы Кабылбаевна** – Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №28 «Ақбота» бөбекжай балабақшасының музыка жетекшісі.
**Жаманқара Гүлнәр Кеңшілікқызы** – Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №15 «Балдәурен» балабақшасының музыка жетекшісі.
**Өтепбергенова Аманкүл Мәліккызы** – Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №5 «Аққоян» бөбекжай балабақшасының музыка жетекшісі.

**«Мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық тәрбие беру»** әдістемелік құрал. / құрастырған: Бержанова Р.К., Жаманқара Г.К., Өтепбергенова А.М. Қызылорда: 2020 жыл. – 48 бет.

**ISBN 978-601-275-365-4**

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне оқыту үдерісінде пайдалану үшін ұсынылады.

**ӘОЖ 373**
**КБЖ 74.26**

**ISBN 978-601-275-365-4**

*© Бержанова Р.К., Жаманқара Г.К., Өтепбергенова А.М. 2020 жыл*

## МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДАМУ

Музыкалық тәрбие дегеніміз – музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру: музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабілетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Бала музыканың әр түрін өзінің қабылдау ерекшелігіне, жасын ескергенде ойдағыдай меңгереді.

Музыкалық дамыту – баланың музыкаісіндегі белсенділігінің нәтижесі. Әр баланың дербес ерекшелігінің өзіндік мәні бар.

Дамыту былайша жүреді:

- эмоциялар саласында – қарапайым музыкалық құбылыстарға еліктеуден бастап шамалы әсерлі және әртүрлі эмоционалды реакцияларға дейін;
- сезу, қабылдау және есту саласында – жеке музыкалық дыбыстарды айыра білуден бастап музыканы тұтас, айқын және ынтаықыласпен қабылдауға, дыбыстың биіктігін, ырғақтарды, тембрді, динамиканы саралауға дейін;
- ықыласын білдіру саласында – тұрақсыз әуестенушіліктен тұрақтылыққа көше бастауға, қажеттілікке айналдыруға, алғашқы музыкалық талғам білдіруге дейін;
- орындаушылық қызмет саласында – көрсету, еліктеу әрекеттерінен бастап ән айтудағы және музыкалық-ырғақтық қимылдағы дербес мәнерлі және шығармашылық көріністерге дейін.

Музыкалық тәрбие беру мен дамыту ісі дұрыс ұйымдастыруды және нысаналы оқытуды талап етеді.

Музыкаға үйрету – тәрбиелеуші процесс; оның барысында педагог музыкалық тәжірибе жинақтауға, ең қарапайым мәліметтер, білім, дағдылар алуға көмектеседі. Өз тарапынан бала оны белсенді түрде меңгереді.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, тұтастай алғанда тәрбие, атап айтқанда, оқыту ісі дамытудан «озық» жүріп отыруы, сөйтіп, оны соңынан ілестіріп отыруы тиіс. Музыкалық дамыту тәрбие мен оқыту процесіне байланысты. Даму дәрежесі балалардың музыка сабақтарындағы мінез-құлқымен, дербес ісіндегі шығармашылық көріністермен айқындалады. Егер бала өз талабымен құмарта ән салып, билеп, музыкамен әуестеніп, бұларды мәнерлі де дұрыс істесе, онда оның музыкалық дамуының жеткілікті дәрежеде жоғары екендігі туралы айтуға болады.